

А.Ивашин

**Атбасар қаласы әкімінің
өкімі**

Атбасар қаласы

№ 193

2014ж. 05 «21»

**«Атбасар ауданы білім бөлімі
жанындағы № 5 «Алтын
бесік» балабақшасы» МКҚК
320 орындық балабақша
қызмет көрсету және
пайдалану үшін жер
учаскесіне тұрақты жер
пайдалану құқығын беру
туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 80 жер комиссиясының қорытындысы негізінде:

1. Атбасар қаласы, 1-шағын аудан көшесі, 9 құрылысы мекенжайында орналасқан, жалпы көлемі 1,1362 га, жер учаскесіне 320 орындық балабақша пайдалану және қызмет көрсету үшін «Атбасар ауданы білім бөлімі жанындағы № 5 «Алтын бесік» балабақшасы» МКҚК тұрақты жер пайдалану құқығы берілсін.

2. Сервитуттар және басқа кедергілер жоқ.

3. Жер учаскесі бөлінетін деп танылсын.

4. «Атбасар ауданы білім бөлімі жанындағы № 5 «Алтын бесік» балабақшасы» МКҚК жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін сәйкестендіру құжатын рәсімдеп қолға алсын.

5. Осы өкім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Атбасар қаласының әкімі



А.Ивашин